

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## Б А С П А С Ө З – Х А Б А Р Л А М А С Ы

Алматы қаласы

2016 жыл 04 шілде

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) 2016 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жұмыс нәтижесі туралы хабарлайды.

Акциялар нарығында сауда-саттық көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай **64,4 %-ға артты**.

- *KASE Индексі жылдың басынан бері 14,7 % (жылдық 29,4 %) өсті*
- *Жеке тұлға-инвесторлардың акциялар нарығында белсенділігі артуы байқалады*
- *Қазақстан қор биржасында 22 эмитенттің 23 бағалы қағазы листингілеу рәсімінен өтті*
- *"Ақтөбе металл құрылымдар заводы" АҚ жай акциялары Қазақстан қор биржасында 2016 жылдың шілде айында өтетін IPO аясында инвесторларға ұсынылатын болады*

### **Биржалық нарықтың негізгі көрсеткіштері**

Биржалық сауда-саттық көлемі 2016 жылдың алты айындағы қорытындысы бойынша 49,2 трлн теңгені құрады, ол өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда (47,7 трлн теңге) 1,5 трлн теңгеге немесе 3,1 % артқан. Шет елдік валюталар нарығы (-17,0 трлн теңге немесе 46,8 %) мен корпоративтік облигациялар нарығының (-260,0 млрд теңге немесе 57,5 %) белсенділігі бәсеңдегені байқалады. Қалған нарықта өсу үрдісі байқалады: акциялар нарығы 31,5 млрд теңгеге немесе 64,4 %-ға, репо операциялар нарығы – 18,7 трлн теңгеге немесе 176,1 %-ға, МБҚ нарығы – 43,4 млрд теңгеге немесе 14,9 %-ға артып отыр.

**Акциялар нарығы.** Сауда-саттық көлемі – 80,4 млрд теңгені құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 64,4% немесе 31,5 млрд теңгеге артқан, осылайша инвесторлардың теңгелік активтерге сұранысы артып отырғандығы байқалады. KASE Индексі де жыл басынан бері қарқынды өсу үстінде, яғни 14,7% (жылдық мәні 29,4%) өскен. Индекстің екі мәрте төмендеуіне, яғни наурыз айының басынан мамыр айының басына дейін және маусым айының басынан ортасына дейін түзетілуіне қарамастан, дивиденд төлеу кезеңімен ұштасқан теңгенің нығаюы KASE Индексінің өсуіне ықпал етті. Бірінші түзету жүзеге асырылған және асырылмаған дивидендтік күтілімдер аясында өтті, сонымен қатар екінші негативті тренд ретіне кейбір эмитенттердің акцияларының әлсіз операциялық және қаржылық нәтижелеріне байланысты орын алды.

Жеке тұлғалардың шот санының өсіп отырғандығын анық байқауға болады. 2016 жылдың 01 шілдесінде Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жеке тұлғалардың жеке шоттарының саны 103 314 құрады, ол тарихи максималды мәні (2016 жылдың 01 қаңтарына 101 732, 2015 жылдың 01 қаңтарына – 99 520) болып табылады. Мұндай шоттардан акциялармен сауда-саттықтың брутто-айналымы бірінші жартыжылдықта 79,7 млрд теңгені құрады.

2016 жылдың 01 шілде Биржаның тізімінде 93 эмитенттің 111 акциялары орналған. Есептік кезеңде KASE тізіміне 11 атау енгізілді: "Scipio" АҚ, "AsiaCredit Bank" АҚ, "KM GOLD" АҚ және "Ақтөбе металл құралымдар заводы", сондай-ақ демеушіліксіз листинг арқылы жеті ресей компаниясы. Бастамашысы - "Фридом Финанс" АҚ. Қазіргі уақытта Қазақстан қор биржасында "Банк ВТБ" БАҚ, "Уралкалий" БАҚ, "Сбербанк России" БАҚ, "Ростелеком" БАҚ, "Магнит" БАҚ, "Газпром" БАҚ, "Аэрофлот – ресей авиа желілері" БАҚ акцияларымен сауда-саттық ашылды.

**Корпоративтік облигациялар нарығы.** Есептік кезеңде сауда-саттық көлемі 2015 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда айтарлықтай төмендеп, 191,8 млрд теңгені құрады. Оның басты себебі - Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің жаңа деңгейіне сәйкес теңгелік қордың бірден қымбаттауына байланысты. Бұл фактінің нәтижесінде корпоративтік облигацияларды алғашқы орналастыру көлемінің 1,9 есе, ал қайталама нарықта сауда-саттық көлемі – 6,8 есе төмендеуіне әкеп соқты. Корпоративтік облигациялар бойынша сауда-саттық көлемінің жиынтық төмендеуі 260,0 млрд теңгені немесе 57,5 %-ды құрады.

Алғашқы нарықта орналастыру көлемі "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" АҚ ТМЖЛb3 облигацияларына 84 % келді, облигациялары жылдық 16,92 %-бен, 10 жылға 50 млрд теңгеге, "Қазақстан Даму Банкі" АҚ BRKZb3 және BRKZb4 облигациялары жылдық 14 %-бен, 65 млрд теңгеге (10 жыл) және 30 млрд теңгеге (3 жыл) орналастырылды.

Есептік кезеңнің соңында KASE сауда-саттық тізімінде 67 эмитенттің 263 атауға жататын облигациялары болды. 2016 жылдың алты айы ішінде 9 эмитенттің, атап айтқанда, "Фридом Финанс" АҚ, "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" АҚ, "ForteBank" АҚ, "Қазақстан Даму Банкі" АҚ, "KEGOC" АҚ, "Magnum Cash&Carry" АҚ, "Bank RBK" Банкі» АҚ, "Бузгул Аурум" ЖШС және "ARLAN WAGONS" ЖШС облигациялары листинг рәсімінен өтті.

**МБҚ нарығы.** Сауда-саттық көлемі 2015 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда, 334 млрд теңгені құрап, 43,4 млрд теңгеге немесе 14,9 %-ға артты. Өсім, айналым мерзімі 7–180 күн биржадан тыс орналастыру арқылы Ұлттық Банктің жаңа тәуекелсіз қысққ кірістілігін құруға байланысты болды. Қазақстан қор биржасында МБҚ қайталама нарықтың белсенділігін арттырды (+151,3 млрд теңге), өзінің бағалы қағаздарын Қаржы министрлігі мен әкімдіктер орналастыратын Қазақстан қор биржасындағы МБҚ алғашқы нарығының көлемі 107,9 млрд теңгеге (-37,7 %) төмендегені туралы хабарлады. Ағымдағы жылдың алты айында мұндай бағалы қағаздар екі рет орналастырылды: олар - жалпы сомасы 181,7 млрд теңгеге ҚР Қаржы министрлігінің ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелері және Астана қалалық Әкімдігінің орта мерзімдік муниципалдық облигациялары.

**Шет елдік валюталар нарығы.** 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында сауда-саттықтың жиынтық көлемі 19,3 трлн теңгені құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 46,8 % төмендеді. Спот нарығында сауда-саттық көлемі 261,5 млрд теңгеге немесе 5,1%-ға артып, своп нарығында 17,3 трлн теңгеге немесе 55,4%-ға төмендеді. Қаржы нарығының осы сегментінде сауда-саттық белсенділігі айтарлықтай төмендеуі теңгенің долларға қатысты нығаюы жағдайында өзінің танымалдылығын жоғалта бастауы, долларлық своп нарығының тарылуына байланысты орын алды. Сонымен қатар, нарықта қытай юанінің өсу белсенділігінің артуын атап айтуға болады, оның сауда-саттық көлемі 1,8 есеге дейін 1,9 млн теңгеге артты. Ал керісінше, ресей рублінің сауда-саттық көлемі Ресеймен сауда-саттық айналымының құлдырауы жағдайында 36,6 % -дан 33,5 млрд теңгеге төмендеді.

**Репо операцияларының нарығы.** Сауда-саттық көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,8 есе артып, 29,3 трлн теңгені құрады. Теңгенің долларға қатысты нығаюы жағдайында репо операцияларын қатысушыларға долларлық своп операцияларымен алмастырды.

MM\_Index мәні – Қазақстан қор биржасындағы қысқа қаржы құнының негізгі индикаторы бірінші жартыжылдықта жылдық 79,5 -дан 12,2 % -ға дейін төмендеді. Индекстің төмендеуінің басты себебі - жылдың алғашқы екі айларында Ұлттық Банк теңгенің өтімділігін арзандату мақсатында барынша жұмыс істеген кезде орын алды, ал екінші тоқсанда MM\_Index Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің төменгі шекарасын қайталады – жылдық 14 %, қысқа мерзімде арзандаған долларлық своптың ықпалымен 50–200 базистік нүктеге төмендеді.

### **Негізгі жоспарлар мен іс-шаралар**

2016 жылдың маусым айында "Акциялар" секторы санатына "Ақтөбе металл құрылымдары заводы" АҚ жай акциялары енгізілді, ол акцияларды Қазақстан қор биржасындағы IPO аясында инвесторларға ұсынуды көздеп отыр. Өтінімдер кітабы шілде айының 5-інен 18-іне дейін ашық болады, есептеулерді жүзеге асыру күні – 2016 жылдың 21 шілдесі. Орналастырылған акциялар саны – 61 352 дана. Аталмыш акцияларды орналастыру бағасы – бір акцияға 11 177 теңгені құрайды. Жоспарланған тарту көлемі – 685,7 млн теңге.

KASE кәсіпкерлердің және халықтың қор нарығы мен оның мүмкіндіктері туралы ақпараттылығын арттыруға бағытталған түрлі іс-шараларды үнемі өткізіп тұрады. 2016 жылдың мамыр айында Invest Show өткізілді, оған түрлі деңгейдегі 44 компания өкілдері әлеуетті инвесторларға капитал тарту мақсатында өздерінің бизнес-жобаларын ұсынды.

Жыл басынан бері "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Атырау облысы, сондай-ақ Алматы қаласы кәсіпкерлері үшін төрт аймақтық іс-шара ұйымдастырылып, өткізілді. Аталмыш іс-шараның мақсаты – аймақтардағы кәсіпкерлер мен бизнес басшыларына қосымша қаржыландыруды тарту үшін қор нарығы беретін мүмкіндіктер туралы ақпарат беру болып табылады. Осыған ұқсас 12 шара таяу уақытта Тараз, Петропавловск, Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Павлодар, Ақтау, Көкшетау, Астана, Қызыл-Орда, Шымкент және Талдықорған қалаларында өткізілмекші.

## **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) қаржы нарығында қызмет атқаратын, Орта Азия аймағындағы жетекші және Қазақстандағы жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығы құралдары, шет елдік валюта, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар нарығындағы, халықаралық қаржы институттары, сондай-ақ туынды құралдар облигациялары үшін әмбебап сауда-саттық құралы болып табылады.

Акциялары Қазақстан қор биржасында сатылатын, компаниялардың қосынды нарықтық құны бүгінгі таңда 12,75 трлн теңгеге (\$37,67 млрд) бағаланады. Биржа айналымдағы корпоративтік қарыз құны 8,67 трлн теңгені (\$25,62 млрд), мемлекеттік – 6,4 трлн теңгені (\$18,8 млрд) құрайды.

KASE Халықаралық федерациялар биржасының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржасы Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. KASE 2015 жылы БҰҰ "Қор нарығы тұрақты даму үшін" атты бастамасына қосылды. KASE ТМД елдерінің арасында бағалы қағаздармен сауда-саттық бойынша 2 орынға ие болды, сондай-ақ FEAS биржаларының акциялар нарығын қаржыландыру бойынша бестікке кірді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)